

**Байғанин аудандық мәслихатының  
2017 жылғы 12 желтоқсандағы  
№ 110 «2018-2020 жылдарға  
арналған Байғанин аудандық  
бюджетін бекіту туралы» шешіміне  
өзгерістер енгізу туралы**

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет Кодексінің 109-бабының 5 - тармағына және Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 6-бабына сәйкес, Байғанин аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Байғанин аудандық мәслихатының 2017 жылғы 12 желтоқсандағы № 110 «2018-2020 жылдарға арналған Байғанин аудандық бюджетін бекіту туралы» (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5786 санымен тіркелген, 2018 жылғы 11 қаңтарда аудандық «Жем-Сағыз» газетінде жарияланған) шешіміне мынадай өзгерістер енгізілсін:

1 тармақтың 1) тармақшасында:

кірістер – «5 469 264» сандары «5 694 198.0» сандарымен ауыстырылсын;  
трансферттердің түсімдері – «1 619 264» сандары «1 844 198,0» сандарымен ауыстырылсын;

2) тармақшасында:

шығындар – «5 825 015,6» сандары «6 207 046,6» сандарымен ауыстырылсын;

2. Көрсетілген шешімнің 1, 5, 7 қосымшалары осы шешімдегі 1, 2, 3 қосымшаларға сәйкес редакцияда мазмұндалсын.

3. «Байғанин аудандық мәслихатының аппараты» мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы шешімді Байғанин аудандық Әділет басқармасында мемлекеттік тіркеуді;

2) осы шешімді мерзімді баспа басылымдарында және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің Эталондық бақылау банкінде ресми жариялауға жіберуді қамтамасыз етсін.

3) осы шешімді Байғанин аудандық мәслихатының интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

4. Осы шешім 2018 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі.

**Байғанин аудандық  
мәслихатының сессия  
төрағасы**

**Байғанин аудандық  
мәслихатының  
хатшысы**